

Қ.Өмірәлиев және қазақ филологиясы

Жұмағұлов С.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Автором анализируются особенности и актуальность филологических трудов К.Омирәлиева. Показано комплексное изучение ученым исторических связей казахской и древнетюркской литературы в аспектах генезиса и типологии жанра, стилей, преемственности художественно-эстетической традиции. Раскрывается методологическая новизна проблемы историко-литературного, лингвистического исследования жанров, стилей, текстологии казахской филологии на основе работ К.Омирәлиева.

The article analyzes the characteristics and importance of philological works of the scientist K.Omiraliyev in a complex study of the historical ties of kazakh literature and ancient literature in the aspects of the genesis and typology of the genre, style, continuity of artistic and aesthetic traditions. Methodological novelty of the problem of historical and literary, linguistic research genres, styles, textual kazakh philology investigated in this article.

Кенес дәуіріндегі маркстік-лениндік ілім түп-төркіні әлемдік өркениетпен тоғысатын терең тамырлы қазақ сөз өнерінің тарихи бастауларын айқындауға идеологиялық қысым жасап келді. 1970–80-жылдардағы ұлттық әдебиеттанудағы санаткерлік және зияткерлік ой-сана әлеуетінің өсуі тарихи танымға күштеп танылған еуропацентризм қалыбындағы қасандық сеңін бұза отырып, қазақ тілі мен әдебиетінің ғылыми өзекті арналарын филологиялық тұтастықта зерттеп зерделеу міндеттерін алға тартты. Ол әлемдік әдебиеттанудағы озық ғылыми-әдіснамалық талаптарға иек артқан жаңашыл ізденістерді қажет етті. Тарихи бастауында Алаш ғалымдары тұрған типологиялық үрдістің бастапқы эстетикалық серпіннен түпкілікті ажырап қалмауға Алаш рухындағы тұлға Б.Кенжебаев күш салса, осынау ілкі қасиетті елдік мұраттағы ой-санасы тұнық, тарихи жады кеңестік идеология озбырына шалынбаған жаңашыл ғалымдар толқыны жаңа өрістегі өреге шығарды. Қ.Өмірәлиевтің ғылыми ізденістері қазақ тіл білім мен әдебиеттануына ортақ көкейкесті мәселелерді филологиялық тұтастықта саралай отырып зерделеудегі талдау сипатымен дараланады. Ғалым еңбектеріне маркстік-лениндік ілім, содан туындап жататын еуропацентристік қасандық сеңін бұзудағы ғылыми принциптілік, объективтілік тән. Мәселен, «Тереңге тартқан тамырлар» зерттеу мақаласында: «Ертедегі Түрік қағанатында жазба әдебиет те, жазба әдеби тіл де болған. Олар VI–VII ғасырларда көршісі соғдылардан алфавит қабылдады. Осы алфавит негізінде түркі тілінің дыбыс жүйесіне лайықтап өз алфавитін жасады. Сөйтіп ертедегі Түрік қағанаты жазу мәдениетін Орта Азиядан қазіргі Монғолия жеріндегі Орхон өзені бойына дейін жеткізді» [1], — деген түйін жасайды. Түрік өркениетінің дамуында айрықша аталатын кезеңдердің басты әдеби ескерткіштерін саралай келіп, Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанын, біріншіден, түркі халықтарының ауызша әдебиетінде жасалған даналық ойларды, өнеге оқуын ақындық тілдің көрігіне салып жаңартқан, екіншіден, IX–X ғасырларда Тұран өлкесінде араб-түрік ғалымдары жасаған арабша-парсыша әдебиеттердегі ұғымдарды түркі тіліне түсірген шығарма деп бағалайды. Қазақ әдеби тілінің бастауын көне Түркі дәуірі туындыларының генеалогиясымен тамырластықта зерделеген ғалым XV ғасырдағы жыраулар поэзиясындағы толғау жанрының көрінісін дәстүр ұласуының тарихи негіздері деп дәлелдейді. Ғалымның «Ата тарихымызға үнілсек...» этнолингвистикалық зерттеуінің де «Жаңа жұрт», «Енші алу. Жаңа отау», «Жаңа дәуір. Жаңа жұрт», «Жылқы жылғы жылыстың, жылан жылғы ұрыстың алды», «Қазақ шығудың» тарихи негізі» атты тараулары байырғы әдеби жәдігерлерімізді көне тарихпен тығыз бірлікте ауқымды саралауымен құнды.

Әдебиетші-ғалымның проблемалық мақалаларында халық мұрасының ұлттық болмысынан туындайтын жанрлық сипатының келелі мәселелері өткір көтеріліп, терең тамырлы қазақ сөз өнерінде тоғысқан фольклор мен ауызша әдебиет табиғатының ортақ арнасы мен ерекшелігіне ерекше назар аударылды. Алғаш М.Дүйсеновтің «Фольклор ма әдебиет пе?» («Қ.Ә.». 1971. 2.07) проблемалық мақаласында көтерілген маңызды тақырып Б.Кенжебаевтың «Көкейде жүрген мәселе» («Қ.Ә.».1971.16.07), Р.Бердібаевтың «Ақындар мен шайырлар» («Қ.Ә.».1971.6.08), Т.Қожакеевтің «Тиянақсыз тұжырым — тарихқа залал» («Қ.Ә.».1971.10.09), қарақалпақ ақыны Т.Жұмамұратовтың «Жазба әдебиеттеріміздің тамыры тереңде» («Қ.Ә.». 1971. 19.11), К.Сейдахановтың «Байыппен

бағдарласақ...» («Қ.Ә.». 1971.17.12), Қ.Өмірәлиевтің «Иә, терең зерттеу қажет» («Қ.Ә.».1971. 24.12) атты мақалаларында полемикалық сипат алды.

Ұлттық сөз өнерінің өзіндік табиғатынан туындайтын сипатын басты орынға қойған М.Дүйсенов қазақтың ипровизатор-профессионал ақындарының даралық қасиеттері қазіргі әдебиеттану ғылымындағы «фольклор», «әдебиет» деген терминдердің аясына сия бермейтінін екшейді. Фольклор — халық шығармасы екенін зерделей әрі авторы белгісіз, ел ішінде толып жатқан варианттары бар шығармалардың бәрі фольклорға жатады деген көзқарасын білдіріп, қазақ әдебиетін іштей ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті деген екі салаға бөліп қарастырады [2]. Әдебиетші қазақтың XV ғасырдан бергі таза ұлттық сипаттағы ақындарының барлығы да ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдері саналатынын нығырлап, сонымен қатар аты белгілі ақындардың айтыстарын фольклорға емес, ауыз әдебиетінің туындысы деп тану керектігін де нақты мысалдармен дәйектейді. Ал, жазба әдебиет өзінің дәстүрлі тарихи бастауын бір ғана көне түркі дәуірінен емес, біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырдан алатынын Есік қорғанынан табылған («Алтын киімді адам») жәдігер дәлелдегенін нығырлай келіп, кейін мұсылман дінінің ықпалымен араб жазуы енгенін әрі араб пен парсы қисса-хикаяларының қазақ тіліне аударылып таралуы шағатай тілінде жүзеге асқанын зерделейді. Абай шығармашылығында ерекше тоғысқан және түрленген көркемдік дәстүрлер арнасы мен әдеби байланыс табиғатын да саралай отырып, ұлы ақынның қазақтың жазба әдебиетіне жаңа бағыт, жаңа дәстүр ала келуінің түп тамырына үңілдіреді. Осындай келелі ойларын ғалымдар талқысына салып, өз жіктеуіндегі, яғни, қазақ әдебиетіндегі ауыз әдебиеті және жазба әдебиеттің «ұзақ жылдар бойында бір-біріне әсер-ықпал ете, жақындаса, жанаса, жарыса дамып, өз дәстүрлерін, әдіс-тәсілдерін ширата, ширықтыра отырып» бүгінгі Дәуірге жетуінің күрделі табиғатының эволюциясын ашады. Болатжан Әбілқасымов «Фольклор», «Ауыз әдебиеті» ұғымдары туралы» мақаласында [3; 169–178] «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған жоғарыда қарастырылған полемикалық мақалаларға тоқтала келіп, мектеп, арнаулы орта және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда, монографияларда, сондай-ақ ғылыми баяндамаларда фольклорды көп жағдайда әдебиет деп ұғып, әдебиет заңдылықтары тұрғысынан бағалап тексеріп келгенімізді айта отырып: «Қазақ фольклоршыларының көбі фольклорды әдебиет деп қарап келсе, ол үшін ешкімді кінәлай алмаймыз. Себебі бұл одақ фольклористикасының басынан өткен жай» [3; 172], — деп түсіндірді. Міне, ғалым фольклористиканың белгілі бір даму кезеңінде фольклор мен әдебиет айтарлықтай айырмашылығы аз бүтін құбылыс ретінде қаралғандықтан, «фольклор», «ауыз әдебиеті» терминдерінің қатар қолданылуы ол кезде заңды болатынын түйе келіп, ал фольклористиканың қазіргі даму сатысында бұл терминдерді саралай түсу қажеттігін ескертеді. Осы ретте Одаққа белгілі фольклористер пікірлеріне шолу жасап, талдап әрі саралай келіп, Б.Әбілқасымов «фольклор» және «әдебиет» ұғымдарын қатар қою дұрыс еместігін түйеді. Әдебиет тек сөз өнеріне жатса, фольклорда бірнеше өнер (сөз өнері, сахна өнері, музыка өнері) тоғысатынын, онда этнографиялық сипат басым болатынын ұғындырады [3; 177].

Қазақ сөз өнерінде тоғысқан фольклор мен жазба әдебиет байланысын олардағы ортақ сарын, көп нұсқалық табиғатын мәтіндік талдаулар арқылы айқындаудың маңызы ерекше. Міне, XIX ғасырдағы Абайға, Дулатқа дейінгі XV–XVIII ғасырлар аралығындағы қазақ поэзиясы ауызша поэзия дәуірі деп зерделеген Қ.Өмірәлиев «Иә, терең зерттеу қажет» мақаласында ауызша шығарылғанына карамай, авторын сақтау қазақтың өткен дәуірдегі сөз үлгілеріне тән ерекшелік екенін байыптап, оның себебін қазақ ауыз әдебиеті басқа халықтардағы жазба әдебиет атқаратын қызметті өз үлесіне алуына байланысты деп түсіндіреді [4]. Қазақтың ауызша шығарылған азаматтық поэзиясының тарихы XV ғасырда жатқанын айта келіп, қазақтың ауызша шығарылған азаматтық поэзиясының сақтауының басты бірнеше ерекшеліктерін де теориялық жағынан саралайды. Бұл ретте ортақ мотив пен әркілі нұсқалық қазақ поэзиясының негізгі сипаты болып табылатынын зерделей келіп, авторы белгілі-белгісіздігіне қарап, бір жанрдағы егіздің сыңарындай екі, одан да көп өлеңнің бірін «фольклорға», ал екіншісін «ауыз әдебиетіне» жатқызу, сөйтіп оларды екі түрлі тұрғыдан қарау — әлі де мұқият ойластыруды қажет ететін жайлар деп біледі. Мәселен, ғалым Махамбеттің «Орай да борай қар жауса» өлеңіндегі соңғы жолдар мен Шалкиіздің «Асқар, асқар, асқар тау» өлеңдеріндегі ұқсастықтарды нақты мысалға алып, «Телқоңыр» өлеңнің кімдікі екенін анықтау мен айқындауда сол ғасырдың тілдік белгісі басты орынға қойылу керектігіне ой салады. «О баста белгілі бір уақыт аясында туған өлеңдер келе-келе уақыт шиырына көп түсіп, шығарушыларға ғана емес, уақытқа да «Телқоңыр» ортақ өлеңдерге айналған. Сөйтіп, бұл өлеңдер дәуірлер тануға мүмкіндік бермейтін жағдайға келген» деп Асан Қайғының «Құйрығы жоқ, жалы жоқ...» деп басталатын толғауында

кездесетін араб тіліне тән «халық» сөзі бертінгі кезеңнің тілдік белгісі, ал сол дәуірде оның орнында үнемі «жұрт» сөзі айтылатынын зерделегенде де тілдік белгіні басты орынға қояды. Қазақ ауыз әдебиетінің арғы тарихтағы өкілдерін анықтап алмайынша, қазақ ауыз әдебиетінің тарихын жасау да мүмкін еместігін айтып, көркемдік дамудағы көне дәстүрді байыптағанда әрі оған қатысты өз көзқарасын білдіргенде де зерттеушілер тарапынан өз деңгейінде теориялық жағынан ғана емес, асыл мұра тұрғысынан да дәйектелмеген кейбір мәселелерге байланысты батыл түйіндер жасайды. Атап айтқанда, «Алтын Орта дәуіріне дейін және содан бергі дәуірдегі ақындарда «жыр сөзін, өлең сөзді «мен» — кейіпкер атынан айту негізгі дәстүр болған. Ақын-«мен» кейіпкер-«мен» тасасында тұратын болған. Ол мұралар диалогқа, монологқа құрылған» деген ойын «Әділ Сұлтан», «Орақ — Мамай жыры», «Едіге жыры» негізінен «мен»-герой атынан айтылатын жырлар екенін дәлелдей көрсетеді. Ал, Дулат, Шортанбай ауыз әдебиеті емес, жазба әдебиет өкілдері болып табылатынын әдеби әдіс табиғатымен түсіндіреді. Мысалы, Шортанбайдың азаматтық тақырыптағы өлеңдері таза қазақ тілі рухында, ал діни-мораль тақырыбындағы өлеңдері «кітаби тіл» нормасына көп бейім екенін, өз кезегінде Дулат поэзиясының тілін «шағатай әдебиеті», «кітаби тіл» өкілдерімен де эсте қатарға қоюға болмайтынын «бұл жазба әдеби тіл қазақтың жалпы халықтық тіл нормасынан бөлек ерекше нормадағы тіл» [4] деп тұжырымдайды. Ғалымның «XIX ғасырдағы Абайға, Дулатқа дейінгі XV–XVIII ғасырлар аралығындағы қазақ поэзиясы ауызша поэзия дәуірі» деп зерделеген маңызды түйіндері сол кездері барша әдебиетшілер тарапынан толық қолдау таппады. М.Дүйсенов, Қ.Өмірәлиевтер терең білгірлікпен ұсынған «ауызша поэзия дәуірі» деген жаңаша әрі тың ұстаным тәуелсіздік талабына сай жазылған он томдықтың бірінші томында (Қараңыз: 1-томның «Қазақ фольклорының статусы және оның теориялық негіздері» тараушасы) «авторлық ауыз әдебиеті» тұрғысынан түпкілікті орнықты.

Қ.Өмірәлиев зерттеулерінің ғылыми аппараты, талдау әдістері соны. Ғалым «XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» (1976) еңбегімен қазақ филологиясының күрделі тақырыбында тың қадам жасады [5]. Еңбекте, біріншіден, қазақ поэзиясының XV ғасырға дейінгі көркемдік арналарының көне дәуірмен сабақтастығы және XV–XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының авторсыз үлгілерінің стильдік, тілдік ерекшеліктері теориялық тұрғыдан талданса, екіншіден, Бұқар жырау, Махамбет поэзиясының тілі филологиялық аспектіде зерттелді. Зерттеуші VIII–XI ғасыр ескерткіштеріндегі мақалдар мен қазақ поэзиясындағы дидактикалық-шешендік толғау өлеңдерінің бірлігін, XI ғасыр ескерткіштеріндегі ауызша поэзия үлгілері мен қазақ поэзиясы арасындағы байланыс белгілерін, XV–XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының авторсыз үлгілерінің стильдік, тілдік ерекшеліктерін осы кезең поэзиясына тән ортақ мотив пен варианттылық негізінде ашуға күш салды. Осынау маңызды ғылыми мәселелерді филологиялық талдауларымен кеңінен саралаған ғалым еңбегі XI ғасыр ескерткіштері мен XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетін ауызша жасалған әдебиет деп қарастыруымен де ерекшеленеді.

Текстологиялық зерттеулер жүргізудің өзіндік қиындықтармен жүзеге асатыны, осы бағытта қолжазба мен оның түрлі нұсқаларын салыстыра-салғастыра қарастыру қажыр-қайратты талап етеді. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасын жасау ісі енді ғана қолға алынып жатқан әрі текстология мәселесі ғылыми тұрғыдан бір ізге түспеген сол кезде Қ.Өмірәлиевтің осынау күрделі мәселедегі ғылыми ізденісі ерекше бағалауды қажет етеді. Әрине, ақын-жырау поэзиясын анықтаудағы текстологиялық зерттеулерінде әлі де терең екішеуді қажет ететін мәселелерге қатысты даулы пікірлердің орын алуы заңды болатын. Бұл ретте М.Жармұхамедов ғалымның Бұқар жырау толғауларының лексикалық құрамы мен грамматикалық сипатын, сондай-ақ оның өзіндік сөз қолдану мәнерін, табиғи ерекшеліктерін талдауларының маңызын бағалай отырып, текстологияға қатысты кейбір пікірлерінде орын алған ағаттықтарды ескертеді. Соның ішінде Қ.Өмірәлиевтің жыраудың дау-дамайсыз басы ашық төл өлеңі деп тек 364 жолдық 8 өлеңін табуын («Абылай ханның қасында», «Ай, Абылай, Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Қалдан ханмен ұрысып», «Әй, Абылай, сен он бір жасыңда», «Атам болған жиырма бес», «Керей, қайда барасың?», «Ай, Абылай, Абылай»), ал 100 жолдық үш өлеңіне («Бірінші тілек тілеңіз», «Ай не болар күннен соң», «Айналасын жер тұтқан») «ортақ ой, ортақ мотивке құрылған өлеңдер» деп қарауын, 150 жолдық 10 өлеңіне («Ақсаңнан биік тау болмас», «Ақсұңқар құстың баласы», «Жар басына қонбаңыз», «Алыстан қызыл көрінсе», «Асқар таудың өлгені», «Әлемді түгел көрсе де», «Көкте бұлт сөгілсе», «Батпақты сайға су түссе», «Арту, арту бел келсе», «Қара арғымақ арыса») «жыраудың өлеңі екендігі, иә еместігі белгісіз, шартты өлеңдер» деп бағалауын және 119 жолдық 4 толғауын («Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек», «Ей, айтшы, Алланы айт», «Ақтың үйі мешіт-ті», «Ай, заман-ай, заман-ай») жырауға қисынсыз таңылып жүрген

өлеңдер деген пікірлерін кейінгі ғылыми текстологиялық тұрғыдағы зерттеулерімен түзете отырып, осы даулы мәселеде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қолжазбалары қашан да басты орында болуы керектігін орынды айтады [6]. Бұл ретте Қ.Өмірәлиевтің «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі: ХІХ ғасырдың бірінші жартысы» еңбегі Дулат ақындығын, тілін зерттеуде айрықша аталады [7]. Ақын мұрасын текстологиялық тұрғыдан қарастырған ғалым аталған зерттеуінде Дулаттың «Өсиетнама» (1880) кітабында басылған өлеңдерінің кейбірі Шортанбай мұрасы деген көзқарас ұстанып, Ы.Дүйсенбаев [8], Х.Сүйіншәлиев [9] зерттеулерінде түйінделген ғылыми пікірлерін терістейді. Мәселен, «Дулатқа әдебиеттану ғылымында ең соңғы әділ де дәл баға берген марқұм Ы.Дүйсенбаев та «Өсиетнаманы» Дулатқа теліген жұрттың дүрмегіне еріп кетті» [7; 218] деп Мәулекей бастырған «Өсиетнама» жинағындағы «Сөздің басы бисмилла» деп басталатын өлең мәтіндері В.В.Радлов, Я.Лютшъ жинап бастырған жинақтарда, «Қисса Шортанбай — Шортанбайдың «Бала зарында» (1888) аталған өлең барын, ал С.Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларында» (1931) «Шортанбай ақын өлеңдері» деп ат қойғанын, сонымен қатар Қазақ КСР ҒА Орталық ғылыми кітапхана қолжазба қорында «Шортанбай ақынның шығармалары» деген атпен сақтаулы тұрған 780-папкада да аталған өлең барын негізге ала отырып, оны Шортанбай толғауының азды-көпті өзгерген түрі ғана деген көзқарасын ұстанады [7; 220–221]. «Өсиетнаманың» үшінші бөлімі, немесе 260 жол, Шортанбай ақынның мұрасы деп біледі. Өз пікірін мәтіндік салыстырулар жасай отырып дәйектеген ғалым Мәулекей Шортанбай ақынның «Зар заман» толғауын бұза өзгертуін саралай әрі «Өсиетнамада» Шал өлеңі делінетін екі шумақты қосып жібергенін сын тезіне сала отырып, осындай даулы мәселелерді анықтауға стиль, тілдік тұрғыдан, яғни «Өсиетнама» мен Дулат ақын шығармаларының тілдік ерекшеліктері жағынан, салыстыра зерттелмегенін де ескертеді [7; 231].

Ғалымның бұл мәселедегі батыл айтқан сын ескертпелері өте орынды да болатын. Оның үстіне «зар заман» ақындары шығармашылығының ұлт әдебиет тарихында алар маңызды орны санаулы зерттеушілер тарапынан ғана байыпты зерделенгені болмаса сол кездегі тұтас ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде әлі дұрыс айқындалмаған тұста әдебиетшілер мәтіндік саралауларға филологиялық аспектіде терең бара бермегені де шындық. Алайда Ы.Дүйсенбаев, Х.Сүйіншәлиев мақсаттары Дулат, Шортанбай, Мұрат сынды айтулы сөз зергерлерінің әдеби мұрасын идеологиялық қате танымнан арашалау болғанын да назардан тыс қалдыра алмаймыз. Сонымен бірге қазақ кітаптар тарихын зерттеуші Ә.Жиреншиннің «Қазақ кітаптары тарихынан» атты іргелі зерттеуіндегі Мұраттың «Бала зары» (1888), Дулаттың «Өсиетнама» (1880) кітаптарына қолжазбалар арқылы да үңіле отырып жасаған әдеби талдауларында «телқоңыр» мәселеге қатысты ой ұшқыны болмағанын ескеруіміз керек [10]. Сондықтан да Қ.Өмірәлиевтің Дулаттың Мәулекей бастырып шығарған «Өсиетнама» жинағындағы өлеңдерін бүтіндей жоққа шығарып, бір ғана Шортанбайға телуімен келісу қиын. Бұл ретте Қ.Өмірәлиев пікіріне қатысты Т.Жұртбайдың «...Барлық пайымдаулар мен тұжырымдар Дулатты тұқырту үшін емес, тұлғаландыру тұрғысынан жасалғанда ғана аманаттың жолын қиянат кеспейді» [11] деген уәжіне тоқталу шарт. Текстология — қазіргі қазақ филологиясындағы ең өзекті тақырып. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістер көңіл көншітерлік деңгейде деп айта алмаймыз. К.Әбдіқалықтың «Текстология (Мәтінтану)» (2009) оқу құралынан басқа еңбектің жазылмауы ойландырмай қоймайды. «Зар заман» әдебиеті, соның ішінде Дулат Бабатайұлы мұрасындағы мәтіндік айырымдарға «Өсиетнама» және «Бес ғасыр жырлайды» жинағында басылған өлеңдері негізінде тоқталған зерттеуші К.Әбдіқалықтың «Мінекей, осындай әр нұсқада әр түрлі берілген мәтіндік айырымдарға да мысалдар келтіре отырып, ақын мұралары текстологиялық талдауға зәру екенін байқадық. Олай болса, алдағы уақытта Дулат Бабатайұлының барлық жарық көрген шығармаларына мәтін тарихын зерттеудегі тура және жанама мәліметтерді пайдалана отырып, арнайы текстологиялық жұмыс жасалу қажет» [12] деген пікірі ХХ ғасырдың 70-жылдарында Қ.Өмірәлиев тарапынан көтерілген проблеманың ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде өз өзектілігін жоймағанын дәлелдейді.

Қазақ сөз өнерінің генеалогиясы мен типологиясына тарихи сабақтастық тұрғысынан келген әдебиетшінің ежелгі дәуір жәдігерлерін сол кезеңдердегі қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен бірлікте саралаған «VIII–XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері» еңбегінде байырғы мұраның тақырыбы, жанры мен стилі, тілі филологиялық тұрғыдан кешенді зерттелді [13]. Зерттеуші ежелгі дәуір әдебиетінің үлгілерін бүгінгі ұрпақ игілігіне айналдыру, түптеп келгенде қазақ халқының өз «Ояну дәуірі» мен «Ағарту дәуірі» сынды рухани кемелдену кезеңдерін айқындау екенін айта келіп, сол асыл қазыналардың тікелей мұрагері екенімізді дәлелдеу өткен мен бүгінгіні жалғастыру мұраты болып табылатынын нығырлайды. Күлтегін, Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің жанрын

айқындауда зерттеуші өзіндік ғылыми көзқарас ұстанды. Егер М.Жолдасбеков Орхон ескерткіштерін ерлік эпосы деген тұжырым жасаса, Қ.Өмірәлиев «Күлтегін», «Тонуқук» ескерткіштерінде поэзияға тән, соған жақын үзіктер бар екенін айта отырып, бірақ та ол аталған ескерткіштерді тасқа түсірген автордың ауызша поэзияға тән тәсілдерді арагідік пайдалануы, кіргізуі ғана деп білді [13; 22].

Ғалым көне түркі жазба ескерткіштеріне мәтіндік талдаулар жасап, оның жанрын «Түркі қағандары мен батырларының ерлік жорықтарын баяндайтын көркем тарихи шығарма, баяндау үлгісіндегі тарихи әңгіме» [13; 22] деп айқындайды. «Олар хан жарлықтары мен шежіренің үлгі-нұсқалары негізінде жазылған көркем шығармалар» дей келіп, VIII ғасырда туған (шартты) бұл жанр XIV–XV ғасырға келіп жеткенін айтады. Осы мәселеге қатысты Н.Келімбетов «Автор бұл көне дәуір мұраларын тақырып, сюжет желісі, синтаксистік-композициялық құрылысы жағынан (яғни текстологиялық тұрғыдан) талдай отырып, мұның өзі поэзиялық туынды емес деген бірден-бір дұрыс қорытындыға келеді» деп Қ.Өмірәлиевтің көзқарасын қолдаса, Р.Бердібаев «Кәусар бұлақ» кітабындағы «Көркемдік дәстүр жалғастығы» зерттеу мақаласында Орхон жазбаларындағы эпикалық дәстүр сарынының көріністерін зерделегенде Қ.Өмірәлиевтің қарастырылып отырған зерттеуіндегі «Оғызнаме» аңызының негізі VI–VIII ғасырларда-ақ қалыптасқан болуы тиіс деген көзқарасын айта келіп, көне мұраның жазба нұсқа ретінде белгілі болғаны XII–XIII ғасырлар мөлшері делінгенімен, оның ауыз екі айтылу тарихы талай ғасыр әріге кететінін түйіп, жәдігердің әдепкіде фольклор шығармасы болып туып, әдеби ескерткішке айналуы соңғы процесс екені күмәнсіз [14] деген пікір білдіреді.

Көне түркі ескерткішінің жанрын айқындаған Қ.Өмірәлиев, сонымен қатар, Махмұд Қашғари сөздігі негізінде ертедегі түркілердің поэзия үлгілерін мазмұнына қарай табиғат-наурыз жырлары, ғашықтық-жастық жырлары, жоқтау жырлары, ерлік-жорық жырлары, тұрмыс-салт жырлары деп қарастырып, оларға шолу жасағанда қазақ әдебиетіндегі дәстүр ұласуын нақты мысалдармен дәлелдейді [13; 49–57]. Көне түркі жазба ескерткіштерінің маңызын тарихи дерек көздерінің қайнары тұрғысынан терең қарастырған ғалым Күлтегін, Тонуқук, Білге Қаған ескерткіштері мен Оғуз қаған аңызынан алынған көлемді мәтіндерді қазақ тіліне аударып берді. Ал, «Оғуз қаған туралы аңыз-әңгіме — түркі халықтарына тән ауыз әңгімелердің (фольклорлық шығармалардың) бізге келіп жеткен ең ежелгі, ең көне үлгісі» деген өзіндік көзқараста болды.

Түркі халықтарына ортақ ең көне мұралардың бірі — «Оғуз қаған» эпосының нақты зерттеу нысанына алынуы да ұлттық әдебиеттанудың түркітанудағы өзекті мәселелерге ерекше ден қойғанын айқындайды. Бұл күрделі тақырыпқа қазақ поэзиясының жанры мен стилін зерттеуде көркемдік дамудағы тарихи сабақтастық принциптерін берік ұстанған, яғни көне жазба ескерткіштерден бастап Абайға дейінгі сөз өнерінің табиғатын теориялық тұрғыда қарастырған, Қ.Өмірәлиевтің баруы да заңды еді.

«Оғуз қаған» эпосының тілі зерттеуінде көне мұраға тән әр алуан белгілер фольклорлық шығармалардың жанрлық, стильдік ерекшелігі және де лингвистикалық сипаты тұрғысынан жан-жақты талданады. Еңбектің «Оғуз қаған» эпосына негіз болған аңыз-әңгімелер мен тарихи деректер», «Оғуз қағанның» жанры», «Оғуз қаған» эпосы тілінің грамматикасы», «Оғуз қағанның» баяндау техникасы: эпостық формулалар» атты бөлім, тараулар атауларының өзі зерттеушінің әдеби және лингвистикалық талдауларда ұстанған әдіснамалық негіздерінің сонылығын көрсетеді. Ғалым аталған мұра мәтінінің композициясын және сюжеттік компоненттерін анықтау мақсатында жүргізілген текстологиялық талдаулар негізінде шығарманың үлкенді-кішілі он жеті желіден құрылғанын анықтайды. Олардың негізгілері ретінде Оғуз қағанның тууы, балалық шағы, жігіттік шағы, ерлік көрсетуге аттануы, үйленуі, балалары болуы, ұлы той жасауы, тойдан соң төрт жағындағы жау жұртқа елшілер жіберу, Урумға қарсы аттануы, Урум қағанмен соғысы, Журжітпен соғысы, Сынду, Таңғұт, Шағам жұртына аттануы, соғысуы, қағанның құрылтай шақырып, жұртына үлкен той беруі, балаларына жұртын үлестіру баяндары аталады [15]. Композициялық, сюжеттік компоненттерін теориялық тұтас үйлесімде түзу әрі талдаулар жүргізу барысында ғалым сюжеттік жіктер негізінде абзацтық жіктерді, сөйлемдер тобы жігін, сөйлемдер бірлігін, сөйлем ішілік сөздердің өзара қатынасын анықтап, мәтінді абзацты, тыныс белгісі сақталған қазіргі жазу тәртібі үлгісіне түсірді. Осындай келелі де кемел істер атқарған зерттеуші шығарманың жанрын «Оғуз қаған» — миф атаулыдан таза, ертегілік элементтер жоқ, архаикалық эпостарға (В.М.Жирмунскийше, «батырлық ертегілерге») тән сюжет желісі, геройлары, әрекеті жоқ, эпостық әңгіме. Дәлірек айтқанда, бір кездегі эпостық жырдың қиялға құрылған пафосты сипаты уақыт өте бірте-бірте бәсеңдеп, ұмытыла келіп,

байырғы сипатынан айырылып, баяндау, онда да атап қана баяндау формасына түскен, хронологиялық баяндау формасына түскен эпостық әңгіме» деп анықтайды.

Қазақ филологиясының өзекті арналарында тың ғылыми-әдіснамалық ұстанымдағы ғалым абайтану, дулаттану мәселелеріне де ұлт тарихына терең тамыр тартатын тарихи танымда келді. Мысалы, М.Мырзахметов, Қ.Өмірәлиевтің «Абайды танып біттік пе?» («Қ.Ә.» 1985.29.ІІІ) мақаласында қазақ филологиясында Абай мұрасын тануда ауқымды жұмыстар жасалғанын айта отырып, соның ішінде абайтану іліміндегі 1945–1965 жылдар аралығындағы ғылыми еңбектерді қарастырып, біріншіден, ойшыл Қара сөздерінің 1958 жылдан кейін соңғы уақыт бедерінде бар-жоғы екі-үш рет қана аударылғанын, «Абайтану» курсы жоғары оқу орындарында соңғы кезде өткізілмейтініне проблемалық тұрғыдан келсе, екіншіден, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Абай мұрасы жөнінде соңғы жиырма жыл ішінде бірде-бір монографиялық еңбек бермегенін, оған білікті мамандар тарту жағы да ақсап жатқанын орынды ескертеді.

Ақынның 140 жылдығына орай мұрасын жариялау, зерттеу деңгейін арттыру керектігіне биік талап деңгейінде келген авторлар М.Әуезовтің Абай шығармашылығын кешенді зерттеу арнасын байыптаған кемел ойларын негіз ете отырып, «абайтанудың ендігі өрістетіле зерттеулер арнасы — түпқазығы адамгершілік мәселесіне барып тірелетін философиялық көзқарастары екен, солар танылуы тиіс екен» деп айқындайды. Әсіресе Абай нәр алған үш арнаның ең бастысы ұлттық төл әдеби қазынаға қатынасы дұрыс сөз болмай жүргеніне де өзекті тұрғыдан келеді. Соның ішінде көркемдік дамудағы дәстүр арнасы мен жалғастық иірімдеріне үнілген зерттеушілер хандық дәуірдегі Бұқар жырау, ХІХ ғасырдағы «зар заман» өкілдері Дулат, Шортанбай, Мұрат сынды «осы ақындардың жалпы қазақ поэзиясының ақындық сезімде, идеяда, мазмұнда болмағанымен, ақындық лексикада, тілдік өрнекте, тіпті өлең түрінде Абай мұрасына ауыс-түйісі болғанын» дұрыс зерделеп, отаршыл саясаттың қолшоқпары есебінде көрінген озбыр да шен құмар ел әкімдерінің әжуа бейнесі қазақ поэзиясында Абайға дейін ең алғаш рет Дулат шығармаларында ақындық шеберлікпен берілгеніне қатысты өзекті мәселеде ғылыми негізді дұрыс пікір түйеді. Әсіресе Абай және Дулат ақындардың ел билеуші әкімдер психологиясын берудегі ерекшеліктері отаршыл дәуірдің ел билеу жүйесіндегі күрделі саяси өзгерістермен де байланыста екселеді. Осы арнадағы сабақтастықты дәуір аясында кеңінен зерттеу керектігіне, Абай поэзиясының поэтикасын кешенді зерттеу қажеттігіне ой салған ғалымдар әлі күнге дейін сол тұстағы абайтанудағы басты олқылық ақынның шын мәніндегі академиялық жинағын шығара алмауын ескертті. Абай мұрасын тану мен таныту, ақынды зерттеу ұлттық сананың зор жетістігіне айналған кезде ғана ортақ рухани қазынаға айналады деп түйген ғалымдардың проблемалық мақаласы абайтанудағы басты ғылыми мәселелерді принциптілікпен көтеруінде болып табылады. Ал Қ.Өмірәлиевтің құрастыруы, «Дулаттың дәуірі мен ақындығы» атты алғы сөзімен Дулат Бабатайұлының «Замана сазы» (1991) жарық көрді. Ғалымның ертерек дайындаған жинағы араға бірер жыл салып барып жариялылық талаптарына орай жарық көрді. «Дулаттың дәуірі мен ақындығы» атты алғысөз Дулат мұрасын танудағы жаңа бағыт бағдарын айқындаумен құнды. «Дулаттар отаршылдық дәуірдегі қазақ халқының ар-ожданы» деген пікір әдебиетші талдауларының тұтас ұлттық рухтағы өзегін айқындайды.

Қорыта айтқанда, ғалым Қ.Өмірәлиевтің ғылыми мұрасы қазақ филологиясының ең маңызды да өзекті арналарын жаңаша танымдағы ғылыми-әдіснамалық принципте зерттеп-зерделеуімен құнды. Қазақ сөз өнерінде тоғысқан фольклор мен жазба әдебиет байланысын олардағы ортақ сарын, көп нұсқалық табиғатын мәтіндік талдаулар арқылы айқындау негізінде екшеген «ауызша поэзия дәуірі» деген жаңашыл әрі тың ұстаным тәуелсіздік талабына сай жазылған он томдықтың бірінші томында «авторлық ауыз әдебиеті» тұрғысынан түпкілікті орнықты. «ХV–ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» (1976) қазақ поэзиясының ХV ғасырға дейінгі көркемдік арналарының көне дәуірмен сабақтастығы және ХV–ХVІІІ ғасырдағы қазақ поэзиясының авторсыз үлгілерінің стильдік, тілдік ерекшеліктері теориялық тұрғыдан талданып, Бұқар жырау, Махамбет поэзиясының тілі алғаш рет филологиялық аспектіде зерттелді. Зерттеуші ХVІІ–ХІ ғасырлар ескерткіштеріндегі мақалалар мен қазақ поэзиясындағы дидактикалық-шешендік толғау өлеңдерінің бірлігін, ХІ ғасыр ескерткіштеріндегі ауызша поэзия үлгілері мен қазақ поэзиясы арасындағы байланыс белгілерін, ХV–ХVІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясының авторсыз үлгілерінің стильдік, тілдік ерекшеліктерін осы кезең поэзиясына тән ортақ мотив пен варианттылық негізінде талдаудың тың бағдарын айқындап берді. Қазақ сөз өнерінің генеалогиясы мен типологиясына тарихи сабақтастық тұрғысынан келген әдебиетші ежелгі дәуір жәдігерлерін сол кезеңдердегі қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен бірлікте саралауда да тың бағыт ұстанды. «ХVІІ–ХІІ ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері» еңбегінде

байырғы мұраның тақырыбы, жанры мен стилі, тілі филологиялық тұрғыдан кешенді зерттелді. Қазақ халқының өз «Ояну дәуірі» мен «Ағарту дәуірі» сынды рухани кемелдену кезеңдері болғанын түйіп, Күлтегін, Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің жанрын айқындауда өзіндік ғылыми көзқарас ұстанды. «Күлтегін», «Тонукук» ескерткіштерінде поэзияға тән, соған жақын үзіктер бар екенін айта отырып, бірақ та ол аталған ескерткіштерді тасқа түсірген автордың ауызша поэзияға тән тәсілдерді арагідік пайдалануы, кіргізуі ғана деп білді. Көне түркі жазба ескерткіштеріне мәтіндік талдаулар жасап, оның жанрын «Түркі қағандары мен батырларының ерлік жорықтарын баяндайтын көркем тарихи шығарма, баяндау үлгісіндегі тарихи әңгіме» деп айқындайды. Ал «Оғуз қаған» эпосының тілі» зерттеуінде көне мұраға тән әр алуан белгілер фольклорлық шығармалардың жанрлық, стильдік ерекшелігі және де лингвистикалық сипаты тұрғысынан жан-жақты талданды. Іргелі еңбектегі «Оғуз қаған» эпосына негіз болған аңыз-әңгімелер мен тарихи деректер», «Оғуз қағанның» жанры», «Оғуз қаған» эпосы тілінің грамматикасы», «Оғуз қағанның» баяндау техникасы: эпостық формулалар» атты бөлім, тарау атауларының өзі зерттеушінің әдеби және лингвистикалық талдауларда ұстанған әдіснамалық негіздерінің сонылығын көрсетеді. Аталған мұра мәтінінің композициясын және сюжеттік компоненттерін анықтау мақсатында жүргізілген текстологиялық талдаулар барысында шығарманың үлкенді-кішілі он жеті желіден құрылғаны анықталды. Осы сипаттағы ғылыми жаңалықтарға негізделген Құлмат Өмірәлиевтің тың ізденістері қазақ филологиясындағы жаңа бағыттың әдіснамалық бағдарын айқындауға қосылған іргелі зерттеулер болуымен құнды.

Әдебиеттер тізімі

1. *Өмірәлиев Қ.* Теренге тартқан тамырлар // Қазақ әдебиеті. — 1981. — 17 шілде.
2. *Дүйсенов М.* Фольклор ма, әдебиет пе? // Қазақ әдебиеті. — 1971. — 2 шілде.
3. *Әбілқасымов Б.* «Фольклор», «ауыз әдебиеті» ұғымдары туралы // Кіт.: Фольклор шындығы. — Алматы: Ғылым, 1990. — 264 б.
4. *Өмірәлиев Қ.* Иә, терең зерттеу қажет // Қазақ әдебиеті. — 1971. — 24 желт.
5. *Өмірәлиев Қ.* XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. — Алматы: Ғылым, 1976. — 270 б.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-т. (XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы). — Алматы: Ғылым, 2000. — 395–397-б.
7. *Өмірәлиев Қ.* Қазақ поэзиясының жанры мен стилі: XIX ғасырдың бірінші жартысы. — Алматы: Ғылым, 1983. — 239 б.
8. *Дүйсенбаев Ы.* Ғасырлар сыры: Қазақ әдебиеті тарихынан очерк. — Алматы: Жазушы, 1970. — 192 б.
9. *Сүйіншіәлиев Х.* Қазақ әдебиеті. XVIII–XIX ғғ. — Алматы: Мектеп, 1981. — 169 б.
10. *Жиренишин Ә.* Қазақ кітаптары тарихының. — Алматы: Қазақстан, 1971. — 112–113-б.
11. *Жұртбай Т.* Ойсоқты аңсар. («Зар заман» ағымы және көркем ойлау жүйесінің тарихи тамырлары) // Кіт.: Орманбетұлы Н. Кер заман: Өлеңдер. — Алматы: Алаш, 2004. — 26-б.
12. *Әбдіқалық К.* Текстология (Мәтінтану). — Алматы, 2009. — 61–62-б.
13. *Өмірәлиев Қ.* VIII–XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. — Алматы: Мектеп, 1985. — 128 б.
14. *Бердібаев Р.* Кәусар бұлақ. Мақалалар мен зерттеулер. — Алматы: Жазушы, 1989. — 39-б.
15. *Өмірәлиев Қ.* «Оғуз қаған» эпосының тілі. — Алматы: Ғылым, 1988. — 5-б.